| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы:**Жұрнақ пен жалғау<br>Қажымұқан Мұңайтпасов | | **Мектеп:№88ЖББМ**<br>**Мұғалім:Рахметова М.Я.** |
| **Күні:**01.02.2019ж. | | **Пәні:** қазақ тілі<br>**Сыныбы:** 2 «А» |
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | | 2.1.2.1 - мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:**<br>• Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>• Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>• Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады. | |
| Бағалау критерийі | Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады.<br>Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. | |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Қолдану, білу, түсіну, талқылау, анықтау құрау , жазу. | |
| Ресурстар | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. | |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия. | |
| Пәнаралық байланыс | Музыка, қазақ тілі,тарих. | |
| Бастапқы білім | Қажымұқан атамыз туралы мәліметті кең көлемде жеткізу | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс - әрекет** | **Ресурстар** |
| Сабақтың басы<br>1.Жағымды көңіл күй туғызу.<br>2. Тақырыпқа кіріспе.<br>3. Мақсатты тұжырымдау<br>4. Үй тапсырмасын тексеру | **Ынтымақтастық ортасын құру**<br>**«Ертеңгілік шеңбер»**<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақ пейілді тілекпен.<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық<br>/оқушылар бір – бірін қолдарынан алып,жылы тілектерін айтады /<br><br>**Топ ережесі:**<br>1.Сыйластық<br>2,Тыңдай білу<br>3.Сөзді бөлмеу<br>4.Белсенділік таныту<br>5. Шығармашылық | Мақал – мәтелдер құрастыру арқылы топқа бөлу.(«Түбір», «Жұрнақ», «Жалғау»)<br> |
| Дереккөздер<br><br>5.Негізгі бөлім бойынша | ***<u>Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту, сабақтың тақырыбын анықтау</u>*** | **«Әлемді шарлау»** әдісі арқылы |

| | | |
|---|---|---|
| жұмыс. | • Қажымұқан деген кім?<br>• Палуан қандай болуы керек?<br>• Қандай палуандарды білесің?<br>• Қажымұқан туралы тағы қандай ақпараттарды білесің?<br><br>***«Сұрақ - жауап» әдісін қолдану.***<br>***Қосымша ақпарат***<br><br>*Қажы Мұқан Мұңайтпасұлы — Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұлангайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген Қажы Мұқан бабамыз.*<br>*Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 54 мемлекетте күреске түсіп, 48 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болды. Ресейдің балуандар тобында Қажымұқаннан күші асқан ешкім болмағанын да айтуға тиіспіз. Дүние жүзінің чемпиондары Иван Поддубный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Георг Гаккеншмидт, Поль Понс, Вейланд Шульц сынды жампоздармен қатар жүру, боз кілемдегі айқастарда осы балуандарды шетінен жығып, бәйге алу — сол заманда нағыз ерлік еді. Ол кезде империяның буына семірген Ресей күресінің қожайындары қазақты шын мәнінде менсінбеуші еді. Қажымұқан сондай ортада намысын жатқа берген жоқ. Кеудесін ешкімге бастырмады. Күрес қожайындарының, төрешілердің сан мәрте* | түсіндіріледі.<br><br>Қажымұқан туралы мәлімет тыңдау |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың аяқталуы | *әділетсіздігіне белі бүгілмеді, еңсесі түспеді.*<br>67 - жаттығу.Мәтінмен жұмыс.<br>**Дескриптор:**<br>• *Дереккөзді пайдаланады,ауызша әңгімелейді.*<br>• *Қажмұқан туралы мәтінді түсініп оқиды.*<br>• *Қарамен жазылған сөздерден жұрнақ пен жағауды ажыратады.*<br>***Қ. «Шапалақ»*** *әдісі*<br><br>**Өздік жұмысы.**<br>**68 – жаттығу.**<br>**Мәтіндегі тапсырмаларды орындайды.**<br>*Қажымұқан – қазақтың тұңғыш палуаны.Ол – дүниежүзінің бірнеше дүркін жүлдегері.*<br>**Дескриптор:**<br>• *Сөйлемдерді көркемдеп жазады.*<br>• *Сөйлемдегі қарамен берілген сөздерді сөз құрамына талдайды.*<br>*Жұмбақтың шешуін табу , көркемдеп жазу.*<br>*71* – жаттығу<br>Тоқтатады ысқырып.<br>Ойынды бұзсаң, күш қылып,<br>**70 - жаттығу**<br>**ӨПРКІП ӨРІК**<br>**ААМАЛА АЛМА**<br>**ҚРИЯЛЛ ҚИЯР**<br>**НТУҚАУ ҚАНТ**<br>**АРАПАА АРПА**<br>**НАЫТРН ТАРЫ**<br><br>**Дескриптор:**<br>• Берілген әріптерден сөз құрайды.<br>• Артық әріптерді келесі жаққа орналастырады.<br>• Артық әріптен шыққан сөзді | |

<table>
<tr><td></td><td>(палуан) табады.<br>ҮТ. 69-жаттығу<br>Өлеңдерді көшіріп жаз,қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына таплшдау.<br>(МК) Кері байланыс.<br>Жұмысты орындауда не қиын,не жеңіл болды? Неліктен?<br>+ Мен....................үйрендім.<br>-Маған.................қиын.<br>Өдзін-өзі жетістіктерін «Жетістік баспалдағына» стикерді таңдап,жапсыру арқылы бағалайды.</td><td></td></tr>
<tr><td>Саралау-оқушыларға қалай көбірек қолдапну көрсетуді жоспарлайсыз?<br>Қабілеті жоғары оқушыларғав қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?<br>Қабілеті жоғары оқушылапрдан әңгіме құрастыруда жақсы сөйлемдерді құрастыруды талап етемін.</td><td>Бағалау-оқушылапрдың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?<br><br>Бүгінгі сабақтан алған әсерін,жетістігін айтып,өзін-өзі бағалауға мүмкіндік беру.</td><td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы<br><br>Қауіпсіздік шаралары ескертіліп отырады.</td></tr>
<tr><td>Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақтың мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?<br>Оқушылардың барлығы Оқу мақсатына қол жеткізді ме?<br>Жеткізбесе,неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды,неліктен?</td><td>Сабақ мақсаттары мен оқу міндеттері орындалды.<br>Сабақ өз дәрежесінде өтті.Жоспарланған саралау сабақ барысында өз нәтижесін береді. «Қажымұқан Мұңайтпасов» Тақырыбына дереккөздер арқылы әңгіме құрастырды.Керекті мағлұматтар алды.<br>Уақытты тиімді пайдаландым.Жоспарға өзгерту енгізбедім.</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да,оқу туралы да ойланыңыз?<br>1: Қажұмұқан Мұңатпасов туралы керекті мағлұмат алды.<br>2: Қазақтың тұңғыш палуаны,дүниежүзінің бірнеше дүркін чемпионы екенін білді.<br>Сабақты жақсапртуға не ықпал ете алады? (оқыту туралы да ,оқу туралы да ойланыңыз?)</td></tr>
</table>

1:Ойлануға берілген тапсырмалар оқушының ойлауына көмек берді?
2: Топтық жұмыстарда әңгіме құрастыру жақсы нәтиже береді.
**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім,келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?**

- Келесі сабақтарда дереккөздер туралы керек жағдайда пайдалану керек.